

«Гүлдер» балабақшасындағы әдістемелік кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

08.09.2025ж

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын қарау және бекіту.
2. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының қорытындысы.
3. Педагогтердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары және оқу құжаттарын қарау.
4. Педагогтердің кәсіби дамуы, тәлімгерлік жұмыстары және әдістемелік іс-шаралар жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер Б.Джуматова 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, білім беру процесіне заманауи педагогикалық технологияларды енгізу, инновациялық тәжірибелерді тарату, жас мамандармен жұмыс, әдістемелік кеңестер, семинар-практикумдар, шеберлік сыныптары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер және мониторинг жұмыстары қамтылғанын баяндады.

Балабақша директоры М.Овезова әдістемелік жұмыстың басты мақсаты – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау екенін атап өтті.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер Б.Джуматова жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндама жасады. Топтардың дамыту орталықтары толықтырылып, оқу-әдістемелік құралдар жаңартылғаны, қауіпсіздік талаптары сақталғаны және оқу ортасының мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестендірілгені айтылды.

Педагогтер өз топтарының жаңа оқу жылына толық дайын екендіктерін айтып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңа ойындар мен оқу материалдарын пайдаланатындарын жеткізді.

3-мәселе бойынша:

Балабақша әдіскері педагогтердің перспективалық жоспарларын, циклограммаларын және оқу құжаттарын талдау нәтижелерімен таныстырды. Құжаттардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленгені айтылды.

Педагогтер оқу жылы барысында жоспарлау құжаттарын уақытылы жаңартып, білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға дайын екендіктерін жеткізді.

4-мәселе бойынша:

Әдіскер Б.Джуматова педагогтердің кәсіби даму жоспарын таныстырды. Оқу жылы ішінде коучингтер, семинарлар, тренингтер, шеберлік сыныптары, шығармашылық топ жұмыстары, өзара тәжірибе алмасу және жас мамандарға тәлімгерлік көрсету жоспарланғанын хабарлады.

Балабақша директоры педагогтердің кәсіби өсуі білім беру сапасының негізгі көрсеткіші екенін атап өтіп, әр педагогтің шығармашылық ізденіске ұмтылуы қажеттігін айтты.

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

4. Педагогтердің кәсіби даму жоспары бекітілсін. Жас педагогтерге тәлімгерлер бекітілсін. Өдістемелік іс-шаралар жылдық жоспарға сәйкес өткізілсін.



Хатшы: Н.Ержанова

«Гүлдер» балабақшасындағы әдістемелік кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

29.11.2025ж

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы туралы.
2. Педагогтердің ұйымдастырылған іс-әрекеттеріне жүргізілген бақылау нәтижелері және әдістемелік көмек көрсету.
3. Тәрбиеленушілердің бастапқы мониторинг нәтижелерін талдау.
4. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бағытындағы жұмыстардың орындалуы.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша әдіскер Б.Джуматова өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы жөнінде есеп берді. Атқарылған жұмыстардың оң нәтижелерімен қатар жетілдіруді қажет ететін бағыттар да атап өтілді.

2. Екінші мәселе бойынша әдіскер ұйымдастырылған іс-әрекеттерге жүргізілген-бақылаудың қорытындысын таныстырды. Бақылау барысында педагогтердің балалармен тиімді қарым-қатынас жасауы, ойын технологияларын, дамытушы ортаны және цифрлық ресурстарды орынды пайдалануы оң бағаланғаны айтылды. Сонымен қатар балалардың сөйлеу белсенділігін, зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында ұсыныстар берілді.

Педагогтер бақылау нәтижелерімен танысып, әдістемелік ұсыныстарды алдағы жұмыс барысында қолданатындарын жеткізді.

3. Үшінші мәселе бойынша әдіскер Б.Джуматова тәрбиеленушілердің бастапқы мониторинг нәтижелеріне талдау жасады. Мониторинг барысында балалардың коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуының көрсеткіштері сараланып, әр баланың даму деңгейіне сәйкес жеке жұмыс жоспарлары әзірленгені айтылды.

Педагогтер мониторинг нәтижелеріне сүйене отырып, даму деңгейі төмен тәрбиеленушілермен жеке және топтық түзету жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері педагогтердің кәсіби даму жұмыстары туралы ақпарат берді. Қараша айына дейін өткізілген семинарлар, шеберлік сыныптары және өзара тәжірибе алмасу жұмыстары педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға оң ықпал еткені атап өтілді.

Балабақша директоры М.Овезова педагогтердің шығармашылық белсенділігін жоғары бағалап, қалалық және облыстық кәсіби байқауларға қатысуды ұсынды.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін.
2. Бақылау нәтижелері педагогтердің назарына алынсын. Әдістемелік ұсыныстар оқу-тәрбие процесіне енгізілсін.
3. Мониторинг нәтижелері назарға алынсын. Әр тәрбиеленушіге жеке дамыту жұмыстары ұйымдастырылсын. Жеке даму карталары уақытылы толықтырылып отырсын.
4. Педагогтердің кәсіби даму жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын. Озат педагогикалық тәжірибелер әдістемелік қорда жинақталсын. Педагогтердің кәсіби байқауларға қатысуы қолдау тапсын. Әдіскерге қаулылардың орындалуына тұрақты бақылау жасау тапсырылсын. Педагогтер оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастырсын.



Handwritten signature of M. Ovezova

Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова

№3 ХАТТАМАСЫ

29.01.2026 ЖЫЛ

Күн тәртібі

- Тындалды:**

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

- “Гүлдер-Ақтау”
ТОВАРИШЕСТВО
ОБЩЕСТВЕННОГО
ПРАВОВОГО ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова

**«Гүлдер» балабақшасындағы әдістемелік кеңес отырысының
№4 ХАТТАМАСЫ**

Ақтау қаласы

28.05.2026 жыл

Қатысқаны: 22

Күн тәртібі

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуы туралы.
2. 2025–2026 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстың қорытындысы.
3. Тәрбиеленушілердің қорытынды мониторинг нәтижелерін талдау және жеке даму карталарының қорытындысы.
4. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту.
5. 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың басым бағыттарын айқындау.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша әдіскер Б.Джуматова өткен әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы жөнінде есеп берді.

2. Екінші мәселе бойынша әдіскер 2025–2026 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстардың жылдық қорытынды есебін таныстырды. Жылдық жоспарға енгізілген барлық іс-шаралардың толық орындалғанын, педагогтерге жүйелі әдістемелік көмек көрсетілгенін, семинарлар, коучингтер, дөңгелек үстелдер, шеберлік сыныптары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәжірибе алмасу жұмыстары жоғары деңгейде өткізілгенін баяндады. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігі артып, білім беру процесінің сапасы жақсарғаны атап өтілді.

Балабақша директоры оқу жылы бойы атқарылған әдістемелік жұмыстарға оң баға беріп, педагогтердің шығармашылық белсенділігі мен кәсіби жауапкершілігіне алғыс білдірді.

3. Үшінші мәселе бойынша Б.Джуматова тәрбиеленушілердің қорытынды мониторинг нәтижелеріне талдау жасады. Барлық білім беру салалары бойынша балалардың даму көрсеткіштерінде оң өзгерістер байқалғаны, түзету жұмыстарының тиімділігі дәлелденгені және жеке даму карталарының талапқа сәйкес қорытындыланғаны айтылды.

Педагогтер балалардың жетістіктерін атап өтіп, келесі оқу жылында жеке білім беру бағытын жалғастыру жөнінде ұсыныстар айтты.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен таныстырды. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, табиғат аясындағы танымдық және шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру, су және ауа процедураларын қауіпсіз өткізу, ойын-сауық және спорттық іс-шараларды жоспарлау мәселелері қарастырылды.

Медбике А.Абдирахманова жазғы кезеңде санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және алғашқы көмек көрсету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтты.

5. Бесінші мәселе бойынша Б.Джуматова 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың басым бағыттары бойынша ұсыныстарын таныстырды. Негізгі бағыттар ретінде педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту, инновациялық технологияларды қолдану, зерттеушілік мәдениетті қалыптастыру, ата-аналармен серіктестікті нығайту және білім беру сапасын жетілдіру белгіленді.

Педагогтер ұсынылған бағыттарды қолдап, жаңа оқу жылында оларды жүзеге асыруға дайын екендіктерін білдірді.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес
ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін.
2. 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын. Жылдық есеп педагогикалық кеңесте назарға алынсын. Әдістемелік жұмысты жетілдіру бағытындағы ұсыныстар келесі оқу жылының жоспарына енгізілсін.
3. Қорытынды мониторинг нәтижелері назарға алынсын. Даму көрсеткіштері бойынша талдамалық анықтама дайындалсын.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінің әдістемелік жоспары бекітілсін. Жазғы іс-шаралар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылсын. Қауіпсіздік талаптарының сақталуы тұрақты бақылауға алынсын
5. Ұсынылған бағыттар негізінде 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспары әзірленсін. Әдіскерге жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру тапсырылсын.



Төрайым: М.Овезова
Хатшы: Н.Ержанова